

## Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 мамырдағы N 230 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 296 Заңымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 296 Заңымен.*

Осы Заң Қазақстан Республикасы астанасының құқықтық мәртебесін, жұмыс істеуінің ұйымдық-саяси және экономикалық негіздерін айқындайды.

### **1-бап. Қазақстан Республикасының астанасы**

1. Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласы болып табылады.
2. Қазақстан Республикасының астанасы - мемлекеттің әкімшілік-саяси орталығы, Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің, Үкіметінің, Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Сотының, Бас Прокуратурасының және орталық атқарушы органдарының орналасқан жері.
3. Жекелеген орталық атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы астанасынан тыс жерлерде орналасуы мүмкін.
4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Мемлекеттік елтаңбасының эталондары және Қазақстан Республикасы Конституциясы мәтінінің түпнұсқасы Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекет астанасындағы Резиденциясында сақталады.

### **2-бап. Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесін құқықтық реттеу**

Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесін құқықтық реттеу және оның жұмыс істеуі Қазақстан Республикасы Конституциясының, осы Заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негізінде жүзеге асырылады.

### **3-бап. Қазақстан Республикасы астанасының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының өкілеттіктері**

1. Астанада жергілікті мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасы астанасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.
2. Қазақстан Республикасы астанасының әкімін қызметке Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктерімен қатар Қазақстан Республикасы астанасының өкілді органы өз құзыреті шегінде:

1) қаланың Қазақстан Республикасының астанасы міндеттерін жүзеге асыруын ескере отырып, астананың бюджетін, оның атқарылуы туралы есептерді, аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының астанасын басқару схемасын жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгі құрылымына сәйкес бекітеді.

4. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктерімен қатар Қазақстан Республикасы астанасының атқарушы органы өз құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасының жер туралы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің мұқтаждары үшін үйлер, құрылыстар мен ғимараттар салуға арнап жер учаскелерін береді;

2) Қазақстан Республикасының жер туралы заңдарына сәйкес ұйымдар мен жеке тұлғалардың мұқтаждары үшін үйлер, құрылыстар мен ғимараттар салуға арнап жер учаскелерін береді;

2-1) мемлекеттік қажеттіліктер үшін жерді алып қою (сатып алу) туралы шешімдер қабылдайды, бұл орайда жер учаскелерінің меншік иелері немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар учаскелерді алдағы кездегі алып қоюдан (сатып алудан) кемінде үш ай бұрын бұл жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жазбаша хабардар етілуге тиіс;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктеріне коммуналдық меншіктегі үйлерді, құрылыстар мен ғимараттарды береді;

4) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары мен жергілікті бюджетті әзірлеп, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының астанасында жалпымемлекеттік және халықаралық іс-шараларды өткізу үшін қажетті жағдайлар жасайды;

б) Қазақстан Республикасы астанасының экологиялық қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асырады және оны қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлейді;

7) Қазақстан Республикасының астанасын басқару схемасын әзірлеп, оны жергілікті өкілді органға бекітуге ұсынады;

7-1) коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген коммуналдық мүлік

тізбесін бекітеді, республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы астанасының аумағында тіркелген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иеленуді, пайдалануды және оларға билік етуді жүзеге асырады;

7-2) Астана қаласының коммуналдық меншігін иеленуді, пайдалануды және оған билік етуді жүзеге асырады;

7-3) "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағына әкелінген тауарлар мен жабдықтардың құрылыс процесінде пайдаланылған фактісін растайтын құжаттарды салық органының сұрау салуы бойынша бір ай мерзімде береді;

7-4) "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы құрылыс процесіне қатысатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің есебін жүргізеді;

7-5) шаруашылық жүргізуші субъектілермен "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметті жүзеге асыру жөнінде шарттар жасасады.

8 ) < \* >

5. Астананың өкілді және атқарушы органдары бірлескен шешімімен Қазақстан Республикасының Үкіметіне астананың әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы ұсыныстар енгізеді.

*ЕСКЕРТУ. 3-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасы 2001.07.10. N 227 - I I Заңымен.*

*ЕСКЕРТУ. 3-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасы 2001.07.10. N 228 - I I Заңымен.*

*Ескерту. 3-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2002.03.21. N 312 Заңымен, өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

### **3-1-бап. Жер учаскелерін мемлекеттік қажеттіліктер үшін алып қою (сатып алу) ерекшеліктері**

1. Жер пайдалану құқығын сатып алған меншік иелері мен мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою алдағы кезде жер учаскелерін сатып алуға дейін үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде оларды міндетті түрде хабардар ете отырып сатып алу тәртібімен жүзеге асырылады. Меншік иелері немесе жер пайдаланушылар осындай хабар алған күннен үш ай өтпей тұрып жер учаскесін сатып алуға меншік иесінің немесе жер пайдаланушының келісімімен ғана жол беріледі.

Егер меншік иесі немесе жер пайдаланушы өзінің жер учаскесін мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алу туралы шешіммен келіспесе не сатып алынатын

жер учаскесінің бағасы немесе сатып алудың басқа да шарттары жөнінде олармен келісімге қол жетпесе, астананың атқарушы органы үш ай өткеннен кейін жер учаскесін сатып алу туралы сотқа талап қоюға құқылы.

2. Сатып алынатын жер учаскесінің бағасын анықтаған кезде оған жер учаскесінің немесе оған құқықтардың және онда тұрған жылжымайтын мүліктің нарықтық құны, сондай-ақ жер учаскесінен айырылуына байланысты меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға келтірілген залалдар, олардың үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін мерзімінен бұрын тоқтатуға байланысты шегетін залалдарын қоса алғанда, барлық залалдар қосылады.

3. Уақытша жер пайдалануға берілген жер учаскесін мемлекеттік қажеттіліктер үшін алып қою, егер жер пайдалану құқығы мемлекеттен сатып алынбаған болса, сатып алынбай жүзеге асырылады. Жер пайдаланушыларға толық көлемінде залалдардың орны толтырылады, сондай-ақ олардың тілегі бойынша басқа жер учаскесінің берілуі мүмкін. <\*>

*ЕСКЕРТУ. 3-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасы 2001.07.10.  
N 227 - II Заңымен.*

*Ескерту. 3-1-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.29.  
N 512 Заңымен.*

#### **4-бап. Қазақстан Республикасының астанасындағы жергілікті өзін-өзі басқару**

Қазақстан Республикасы астанасының аумағында жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей сайлау жолымен, сондай-ақ сайланбалы және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырады. Жергілікті өзін-өзі басқару Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **5-бап. Қазақстан Республикасы астанасының рәміздері**

1. Қазақстан Республикасы астанасының өз рәміздері болады.
2. Рәміздердің сипаттамасы мен оларды пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалады.

#### **6-бап. Қазақстан Республикасы астанасының экономикалық негізі**

1. Қазақстан Республикасы астанасының өз міндеттерін жүзеге асыруы үшін экономикалық негізді оның коммуналдық меншігі құрайды.

2. Қазақстан Республикасының астанасында немесе оның жекелеген аумақтарында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес арнайы экономикалық режимдер енгізілуі мүмкін.

#### **7-бап. Қазақстан Республикасы астанасының бюджеті**

Астананың бюджеті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен құралады.

### **8-бап. Халықаралық байланыстар**

Астананың өкілді және атқарушы органдары өз өкілеттіктері шегінде халықаралық қатынастарды жүзеге асыруға қатысады.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК